

## Қазақстан Республикасында орта білім жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 28 тамыздағы N 812.

Орта білім жүйесін одан әрі реформалау және оқушылардың мектепке толық баруын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. *Ескерту. 1-тармағының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.25. N 64 Қаулысымен.*

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2001 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне педагогикалық қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізсін. < \* >

*Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1047 қаулысымен.*

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп балалардың мектепке толық баруын қамтамасыз етсін; < \* >

2) *(күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.01.25. N 64 Қаулысымен);*

3) мемлекеттік бастауыш кәсіптік білім беретін оқу орындарын жергілікті бюджет қаражатының есебінен жұмыссыздар мен қолы бос халықты оқытуға арналған аймақтық орталықтар ретінде барынша пайдалану үшін шаралар қабылдасын. < \* >

*Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1047 қаулысымен.*

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 ) < \* >

2) "Жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 65 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген мұнайгаз және көлік-коммуникация кешендеріндегі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, денсаулық сақтау, білім беру, ғылым, мәдениет және спорт жүйелерінің кәсіпорындарындағы жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламасында: "Денсаулық сақтау, білім, ғылым, мәдениет және спорт,

объектілерін жекешелендірудің шарттары" деген тарауша мынадай мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын:

"Жалпы білім беру мекемелері, кәсіптік-техникалық мектептер, мектептен тыс

мекемелер Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің келісімімен жекешелендіріледі".

*Ескерту. 1) тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
1 9 9 8                      ж ы л ғ ы                      т а м ы з д а ғ ы  
N                      6 4 0                      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Мемлекеттік жалпы білім беру мектептерінің жанындағы Жалпыға бірдей міндетті орта  
б і л і м                      қ о р ы                      т у р а л ы**

**ҮЛГІ ЕРЕЖЕ**

*Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысымен.*